

## Атырау қаласында мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы

### ***Күшін жойған***

Атырау облысы Атырау қала әкімдігінің 2016 жылғы 27 желтоқсандағы № 1854 қаулысы. Атырау облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 23 қаңтарда № 3772 болып тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы Атырау қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 22 маусымдағы № 1271 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Атырау қаласы әкімдігінің 22.06.2023 № 1271 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 37-бабын, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 27-бабы 1-тармағының 1)-тармақшасын басшылыққа алып, Қазақстан Республикасы деңсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 13 маусымдағы № 498 "Мүгедектер үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 14010 болып тіркелген) бұйрығы негізінде Атырау қалалық әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Ауыр жұмыстарды, еңбек жағдайлары зиянды, қауіпті жұмыстардағы жұмыс орындарын есептемегендеге, Атырау қаласында мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота тізімдік саны бар ұйымдарға:

1) елуден жұз адамға дейін - жұмыскерлердің тізімдік санының екі пайызы мөлшерінде;

2) жұз бірден екі жұз елу адамға дейін - жұмыскерлердің тізімдік санының үш пайызы мөлшерінде;

3) екі жұз елу бірден артық адам - жұмыскерлердің тізімдік санының төрт пайызы мөлшерінде белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары М.Қалауиға жүктелсін.

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және  
құқықтық ақпарат институты» ШІЖКРМК